

Бекітемін:
ЖК Н.И.Гайып «Ақбөбек» балабақшасы
Әдіскері: Б.Б.Ж. Ж. Балғабаева
З.А.Т. 2026 жыл

Білім беру ұйымы "Ақбөбек" балабақшасы
Топ: "Бадырған" ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Педагогтың аты-жөні: Бажиева А.М

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қаңтар айы 2026 жыл 1 апта

Қаңтар заң және тәртіп айы
Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
Үлкендерге құрмет көрсету
Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 05.01.2026 ж	Сейсенбі 06.01.2026 ж	Сәрсенбі 07.01.2026 ж	Бейсенбі 08.01.2026ж	Жұма 09.01.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	сюжеттік-рөлдік ойын ерте кәсіптік бағдар беру «Құрылысшылар» Құралдар: Кубиктер, конструктор. Балалар құрылысшы болады. Үй, көпір, гараж салады. Тәрбиеші: «Бұл не? Кім тұрады?» деп сұрақ қояды.	Адалдық әліппесі «Шын айтамын» Құрал: смайлик Барысы: Тәрбиеші қысқа сөйлем айтады. Мысалдар: «Мен ойыншықты алдым» «Мен досыма көмектестім» «Мен бөтен затты алмадым» Балалар шын айтса смайлик көтереді. Айтылатын ой: «Шын айту жақсы»	Қаржылық сауаттылық «Біреуін таңдаймын» Таңдау жасау. Құрал: 1 ойыншық ақша Барысы: Алдында 2 сурет: ☐ алма ☐ тәтті Бала біреуін ғана таңдайды. Ой: ☐ «Біреуін аламыз»	Қаржылық тапсырма Ситуация «Сенде 2 ақша бар» Таңдау: 2 тәтті 1 кітап Дұрыс — пайдалыны таңдау (дұрыс/бұрыс деп қатаң айтпай, түсіндіру)
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы			
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру			
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Балалар сапқа тұрады, терең тыныс алып,	Қазақ тілі «Төрт түлік қазақ байлығы» Тілдік дамытушы орта:	Музыка Тақырыбы: Баяу және жылдам музыка Музыка тыңдау: Баяу және жылдам сипаттағы	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жанға көтеру, баяу түсіру.

денені қыздыру орындалады. Қолды жоғары созып көтерілу. Қолды жанға және алға созу арқылы кеуде бұлшықеттерін ашу. Белге қойылған колдармен денені оңға-солға бұру. Алға еңкею, арканы түзу ұстап қайта көтерілу. Тізені кезек бүгу және жазу, жүру барысында колдың кимылдарын қосу.	Балалар төрт түлік бейнеленген суреттерді, ойыншықтарды, бетперделерді пайдаланып еркін ойындар мен шағын сахналық көріністерге қатысады. Адамдар мен жануарлардың көңіл күйін кимыл, мимика арқылы көрсетуге мүмкіндік беріледі.	екі түрлі шығарманы тыңдау. Айырмашылығын байқау.	Денені айналдыру омыртқа қозғалысын жұмсарту. Тізені жоғары көтеріп жүру.
Негізгі кимыл Қос аяқпен бір орында секіру: аяқтарды бірге ұстап, жеңіл серпілу. Оңға және солға бұрылып секіру: денені жұмсақ бұрып, секіру бағытын өзгерту. 20 см биіктіктен секіру: аласа кедергіден қос аяқпен секіру.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық жаттығу «Түйе қалай тыныстайды?». Ө, ү дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айту. Айтылған сөзді тыңдап, түсініп қайталау.	Ән айту: Әнді тәрбиешінің көмегімен созып айту. Музыканың сипатына сай орындау.	Негізгі кимыл Аяқты бірге қойып секіру. Аяқты алшақ қойып секіру. Орнынан ұзындыққа секіру (70 см шамасында).
Қимылды ойын «Қояндар секіреді» Балалар қоян сияқты жеңіл секіріп қозғалады, тәрбиеші белгі бергенде тоқтап қалады.	Тілдің грамматикалық құрылымы: Үлгі бойынша жай сөйлем құрау Бұл қой. Бұл сиыр.	Музыкалық-ырғақтық кимылдар: Баяу әуенде жүрелеп отыру, жылдам әуенде кимылды белсенді орындау.	Қимылды ойын «Түзу жолмен жүр» Балалар сызық ішінде тепе-теңдікті сақтай жүріп өтеді.
Ырғақтық жаттығу Музыка ырғағына сәйкес қолды жоғары және жанға көтеру.	Байланыстырып сөйлеу: Суретке қарап сұрақтарға жауап беру. Ойын: «Төрт түлікті таны»	Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Сазсырнайды үрлеу арқылы дыбыс шығару. Билер: Жүппен жеңіл кимылдар орындау.	Ырғақтық жаттығу Музыкамен қолды сермеу, айналу. Ырғақтық секірістерді орындау. Қорытынды Баяу жүріс, терең тыныс алу. Қол мен иықты босаңсыту жаттығулары.

		Музыка күшейгенде жеңіл секіру, бәсеңдегенде баяу жүру. Қорытынды Баяу тыныс алу, жүректі тыныштандыру. Жеңіл жүру, қолды төмен түсіріп босаңсу.	Бала ойыншықты алып, атын айтып, бір сөйлем құрайды. Музыка Тақырыбы: Музыка ның көңіл күйі Музыка тыңдау: Балалар таныс музыкалық шығарманы тыңдайды. Музыканың акырын немесе қатты, баяу немесе жылдам орындалуын сезінеді. Тыңдалған музыкadan алған әсерін қысқаша айтып береді. Ән айту: Қарапайым әнді аспаптың сүйемелдеуімен орындау. Әуенді таза, сөздерін анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкамен сәйкестендіре отырып жүру. Музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Сазсырнайдың дыбысталуын			
--	--	--	--	--	--	--

		тыңдау, ұстап көру. Билер: Музыка ырағына сәйкес қарапайым би қимылдарын орындау.		
Апталық дәйексөзі (мақал): «Нан өмірдің нәрі.» «Нан қайдан келеді?» Тіл дамыту: Жаңылтпаш айту арқылы сөйлеу каркынын өзгерту: «Нан нанға нан қоссаң, нан болады». «Дихан», «егінші», «нан пісіру» сөздерін менгерту. Сан есімдерді септікпен қолдану: үш бидайды көрдім, екі наубайшыны көрдім. Нан жасау суреттері бойынша әңгіме құрату. Көркем әдебиет: «Бидай туралы ертегі» тыңдау, шағын сахналау. Кейіпкерлердің өрекетін ым-ишарамен көрсету. Қазақ тілі: Қазақша дыбыстарды айту: ө, ү, ұ, қ. Сөздер: бидай, диірмен, камыр, нан. Төрт түлік иелерін атау (қосымша): қойшы қой, жылқышы жылқы (сөздік қорды	«Егінші еңбегі» Тіл дамыту: Жаңылтпаш: «Егін ектік, өнім көптік». Еңбек сөздері: жыртады, суарады, жинайды. Сан есімдерді қолдану: бес егінші, төрт қап бидай. Сурет бойынша еңбек процесін әңгімелеу. Көркем әдебиет: «Егінші мен бала» әңгімесін тыңдау. Қозғалыс арқылы образды беру (егу, жинау). Қазақ тілі: Дауыс пен тынысты дұрыс қолдануға жаттықтыру. Сөздер: егінші, дала, егін. Бұйрық рай: «егіндер», «суар», «жина». Хабарлы сөйлем құрату.		«Нан түрлерімен танысу» Тіл дамыту: Жаңылтпаш: «Наннан тәтті ас жоқ». Нан түрлері: бөлке, шелпек, баурсаң, бауырсақ. Сан есім қолдану: үш бөлке, екі бауырсақ. Нан дастарқанға қалай келетіні туралы әңгімелеу. Көркем әдебиет: «Бауырсақ» ертегісін сахналау. Кейіпкерлердің ролін сомдау. Қазақ тілі: Қазақ дыбыстарын айту: ұ, ү, ө. «Ұн нан» сөз байланысын түсіндіру. Хабарлы және лепті сөйлемдер құру.	«Нан тағамдарын әзірлеу» Тіл дамыту: Тақпақпен сөйлеу каркынын реттеу: жылдам- жай. Етістіктер: илейді, жағады, пісіреді. Сан есімдер менгеру: төрт нан, бес илегіш. «Нан қалай піседі?» әңгімесін құрастыру. Көркем әдебиет: Наубайшы туралы өлең тыңдау. Қарапайым сахналау (печье нан қою). Қазақ тілі: Бұйрық рай: илеші, пісірші, өкелші. Жайылма сөйлемдер құру. Түсін анық айту: ақ ұн, қоңыр нан.

	кеңейту). Жай сөйлем құрау: «Наубайшы нан пісірді».				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қаңтар айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құргатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құргатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлқ дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету. Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				

Балалардың дербес іс-әрекеті (кимылдық, ұлттық, сюжетті-рольдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Математика негіздері: Бидай дәндерінің жиынын салыстыру: көп-аз, тең-тең емес. 1-5 дейін реттік санау. «Қалың-жұқа», «жоғары-төмен» ұғымдары. Қоршаған әлеммен таныстыру: Далада бидайдың қалай өсетінін түсіндіру. Ұн, су, тұз арқылы нанның жасалатынын көрсету. Өз есімін, жасын айту. Сурет салу: «Бидай масағы» суретін салу (жоғарыдан төменге бағытталған сызықтар). Мүсіндеу: Ермексазdan «нан» бейнесін жасау (дөңгелек, жайма). Жапсыру: Бидай масағының бөлшектерін киіп жапсыру. Құрастыру: Лего мен текшелерден «нан зауыты» құрастыру.	Математика негіздері: Бидай дәндерін түстері бойынша топтау. Заттарды жұптап салыстыру: тең тең емес. Кеңістік: жоғары-төмен, алды-арт. Қоршаған әлеммен таныстыру: Егіншінің құралдарымен таныстыру (көрнекі түрі). Даладағы жұмыс тәртібін түсіндіру. Қауіпсіздік: бейтаныс адамдарға бармау. Сурет салу: «Егін даласы» бір бағытты бояумен салу. Мүсіндеу: Жұмсақ ермексазdan жер жолағын және масақтар жасау. Жапсыру: Түсті қағаздан «егін алкабын» құрастыру. Құрастыру: Табиғи материалдар (сабан, бұтақша) арқылы қора-жай жасау.	Математика негіздері: Нан пішіндерін салыстыру: дөңгелек сопақ төртбұрыш. Пішіндерді топтау. Кеңістіктік бағыт: оңға-солға нан қою. Қоршаған әлеммен таныстыру: Нанды үнемдеу, жерге тастамау ережелері. Дастарқан мәдениеті. Сурет салу: Нан түрлерін түрлі түстермен бояу. Мүсіндеу: Ермексазdan бауырсақ, бөлке жасау. Жапсыру: Нан себетін жапсыру (қағаз қиындылары). Құрастыру: Картоннан «асхана» композициясын құру.	Математика негіздері: Бірдей нан бөліктерін жұптап қою. «Қалың-жұқа» нанды салыстыру. 1-5 дейін реттік санауды бекіту. Қоршаған әлеммен таныстыру: Наубайшы мамандығымен таныстыру. Жұмыс процесін көрсететін бейнелерді талдау. Қауіпсіздік: ыстыққа жақындамау. Сурет салу: «Наубайхана» сюжеттік сурет салу. Мүсіндеу: Ермексазdan нан науасын жасау. Жапсыру: Нанның ингредиенттерін (ұн, тұз, су) бейнелейтін суреттерді жапсыру. Құрастыру: Табиғи материалдардан «шағын наубайхана» макетін құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Айлин мен жұмыс музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды.	Әмір мен жұмыс қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның	Айдай мен жұмыс бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін	Шапағат пен жұмыс тәулік бөліктерін ажыратады, оларды атай білуге үйрету.

	алаңдамай соңына дейін тыңдауды дағдыландыру.	ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді жетілдіру.		құрметтегенге баулу.	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	“Аңшылар мен қояндар” Міндеті: ептілікті, жылдамдықты дамыту. Шарты: “Қояндар” шеңбер ішіне тығылады, “аңшылар” ұстап алуға тырысады. Ұсталған қояндар орнын ауыстырады.	Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттері, тілдерін дамыту. (дене шынықтыру)		Қимылды ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. (дене шынықтыру)	“Аңшылар мен қояндар” Міндеті: ептілікті, жылдамдықты дамыту. Шарты: “Қояндар” шеңбер ішіне тығылады, “аңшылар” ұстап алуға тырысады. Ұсталған қояндар орнын ауыстырады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				